

ОРАЗАЛЫ ЖАҚСАНОВ

АДАИДАР ӨМІРДЕ
ҚОНДАҚ ЕКЕҢ

- Паздырлар
- Ой-тозамдаңар
- Молтек сүрлар

Оразалы ЖАҚСАНОВ

**АДАМДАР ӨМІРГЕ
ҚОНАҚ ЕКЕН**

055541

Костанай-2008 жыл.

Л.Толстой атындағы Костанай
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасы

ББК 87.77
Ж 21

Ж 21 Жақсанов Оразалы

«Адамдар өмірге қонақ екен». Ой - толғамдар,
мөлтек сыр. - Қостанай
«Қостанай баспа үйі» ЖШС, 2008 - 233 б.

ISBN 978-601-227-014-3

Елімізге танымал қаламгердің жаңа жинағы екі бөлімнен тұрады. Оның алғашқысына өскелен үрпағымызға ғибрат боларлық адамгершілік тақырыбына жазылған ойлы дүниелер қамтылса, кейінгісіне республикамыздың ғылымы, әдебиеті мен мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткерлердің мағыналы ғұмырлары арқау болған.


Кітап талғампаз қауымға арналған. Ол қалың оқырманның көңілінен шығады деген үміттеміз.

ББК 87.77

ISBN 978-601-227-014-3

Бірінші бөлім

*Арыңды жасыңдан
сақта*



Бұл кітабымды марқұм, ұлагатты ұстаз
Қалиақбар Балтабайұлының руҳына
арнаймын.
Автор.

КОШ БОЛ, ӘКЕ

– Ағай, Асановты декан шақырып жатыр, тез жіберсеңіз!
– деген дауысты естігенде аудиторияның орта шетінде алансыз лекция тындалап отырған мен селк ете түстім. Бейне біреу соңымнан қалмай қуып келе жатқандай жұдырықтай жүргім атқақтап қауызына сияр емес. Не де болса ұлағатты ұстазымыз Иван Григорьевичтің лебізін күтіп, оған жетім балаша жалтақжалтақ қараймын. Ол да бірденені сезді ме қайдам, өуезге толы қоңыр дауысын пышақ кесті тыйып, маған “бара ғой” – дегенді ойлы жанарымен ұқтырды. Лезде сыртқа шықсам есік алдында хатшы қыз Гуля тағатсыздана тосып тұр еken. Тіс жарып ләммим демеді. Әншейінде оның әсем дидары бал-бұл жанып, әзілшіны аралас сөздердің тиегін ағытушы-ақ еді. Бүгін оның бірі де жок. Темірдей тәртіпті сүйетін деканымыздың жайшылықта студенттерді сабактан бостан-босқа шақырмайтындығын жақсы білетін мен іштей аса мазасыздынып, соңынан ілесіп келемін. Профессор өзінің үкінің ұясындай шағын ғана бөлмесінде алдындағы толып жатқан қағазға бір, қол сағатына бір қарап, терең ойда отыр еken. Мен кірген бойда, сәлемімді алған сон, жанындағы бос орынды иегімен нұскады.

– Ал, бауырым. Дені-қарның сау ма? Сабағың қалай? Жатақхана жайлы ма? – деп бәйек болды да қалды. – Рахмет, ағай. Бәрі де жақсы, – дедім.

– Айналайын, Тұрғын... Қалай бастасам еken... Атамыз қазак: “Жан бар жерде қаза бар” дейді емес пе. Сол айтпақшы сенің әкең да ұзақ сапарға аттаныпты, қарағым. Жігіт емессің бе, басқа түскен іске болаттай берік бол. Қайғына осындағы барлық ұстаздар мен студенттер ортақ. Әкеңнің жатқан жері торқалы болғай. Енді сен мұнда көп аялдама. Тез туған ауылыңа аттан. Мүмкін әкеңнің қабіріне бір уыс топырақ салуға үлгіріп қаларсың. Мә, мынаны алуды ұмытпа, – деп қолыма тілдей қағазды ұстартты. Мен телеграммаға жалма-жан көз жүгірттім.

Онда “Алматы қаласы, Қазақ Мемлекеттік университеті, Тұрғын Асановқа. Әкең Сағындық дүниеден қайтты. Тез жет. Ағаң Ержан” делініпті. Бұрын-соңғы өмірімде естімеген осынау қорқынышты сөздер тұла бойымды шымырлатып, өзімді теңсeltіp-ақ тастады. Деканның бөлмесінен қалай ытқыш шығып кеткенім есімде жоқ, еңсемді сәл көтерсем екінші темір жол вокзалына қарай асыра басып келеді екенмін.

Бір кезде диктор қыздың Ташкентке қарай бет түзейтін жүрдек поезға отырғызу басталғаны жайында санқылдаған дауысы құлағыма шалынуы мүң екен дереу өзіме тиесілі вагонға көтерілдім. Біздің поезымыз орнынан баяу қозғалыш, бірге бірте екпін алыш, жылдамдығын әдете түсті. Өзім екінші қатарға шалқамнан түсіп жатып алдым.

Әкемнің бүкіл бітім-болмысы көз алдыма сурет болыш оралып, бейне кино ленталарындағы тізбектеліп өте берді, өте берді. Бірақ та қу көңілім асқар таудай алыш шынарым, әкем қайтыс болғанына тегі сенбейтін сияқты. Тіпті күні кешегі соңғы көрген кездегі салмақты кескіні, аталы ақыл-кеңестері, ауруы әбден мендетіп, жуған шөберектей ағарыш, қушиған жүздеріне дейін жадымда мәңгі жатталыш қалышты. Қайсымызыға да дауыс көтермек түгіл, мандайымызыға шәй деп шерткенін көрген емен. Суының тұнығы, ұлдарының алды болғандықтан да шығар, “Тұраш, құлыным” деп мен десе жаны шығасылы тұғын. Эйтеуір ерекше ұққаным жанынан бір елі тастамайтын және үстіме қылаудай шаң жуытпайтын аса кірпияз жан тұғын. Мұнымен қатар табиғатынан кәдімгі аузын ашса көмейі көрінетін ақ көңілдігімен қоса өзіне арамдық ойлаған алаяқтарға есесін жібермейтін бір беткей, тиген жерін тіліп түсетін өткірлігі де бар еді-ау әкемнің.

Ұмытпасам сол мен жетіншіге көшкен жаз айының соңғы сәттері еді ол. Енді атам екеуміз (біз әкемді осылай атап кеткен едік) ауылға кетеміз деп отырған күннің алдында жайлауда оқыс бір оқиға болды. Өгем тауының қақ ортасында киіз үй тіккен бізге таңертең шопандар жинальш:

– Ау, Сағындық, жылда балаңды оқуға алыш баарда басымыз қосылып, бір ырғалыш-жырғалыш қалушы едік. Атағанынды әзірлей бер. Осындағы құрдастарың түске таман жиналады дескен.

Жаппар құлда жан бар ма. Әкем байғуста ес қалмады. Әріске

қойды мен айдадым. Олардың барлығы айтқан мерзімде үйге келді. Бірақ олардың арасынан әкеммен қанша жарысқа түссе де, қалып қойып жүрген көршіміз Төлеңгіт көзге шалынбады. Мұны осындағылардың бәрі де байқады. Сөйтсек, оның көптен қолы жете алмай жүрген сасық, ішкі есебі бар екен. Оны біз тұс ауған кезде айқын сездік. Қай құдайдың айналдырғанын білмейтін мені үйқы басып, күннің қызыуымен көзім ілініп кетіпті. Бір кезде құлағыма кәдімгі араның гүліндегі бүкіл таудың ішін жайлаған дауыс естіліп, орнымнан атып тұрсам, мәссаған, екі отар қой қосылып, мидай араласып кеткен. Енді қаншама үкін, опын, бармағынды тісте, пайда жоқ. “Сасқан үйрек артымен жүзеді” демекші, анадай жерде жайылып жүрген атыма қарай жүгіре беріппін. Осы сөт:

– Эй, жүгірмек, көксокқан. Сенің анау қазандай басынды үрайын. Алдындағы қойға қарамай жұлдыз санадың ба, жоқ әлде шошқа тағаладың ба... Қазір көкенді көзіңе көрсетпесем менің атым Қожық болмай-ақ қойсын, – деп, ол сонау қыр басынан бері қарай ат үстінде бар дауысымен айқайлап келеді. Бұл – әлгі әкемді көре алмайтын есеп қуған алаяқтың көмекшісі. Жасы қырықтан асса да сол алаңғасар мінезі, кім мықты болса соның ығына жығыла кететін боркемік, содан да шығар, әлі күнге дейін сүrbойдақ. Қай кезде көрме, жындыларша ыржалақтап, жас балаша аузынан сұы ағып жүргені. Мұнымен тынса мейлі ғой, еріккен ауылдың шалдарындай көкнәр ішеді, қалтасынан шакшасы түспей насыбай атады. Бәлкім бүтін солары таусылып, көрші жайлаудағы шопандарды аралап кетсе керек. Оның нәтижесі енді мынау.

Іле сәлем-сауқат жоқ, маған тұра ұмтылды. Көкнәрішсе де қайбір ұл болсын. Жалы тікірейген атының жүгенінен үстай алдым да, әй-шайға қарамастан алқымынан шап беріп, белуардан келетін көк шалғынға атып ұрдым. Тұмсығымен жер сүзе құлағанына қарамастан ары-бері жұлқынып қарсылық көрсетпек болып еді, аяғыммен арқасынан басып отырып алдым. Біздің жайымызды біреу көріп қалып үй - ішіне хабарлады ма, жоқ әлде суатқа қарай құлдилаған қойлардың құлақ тұндыратын азан-қазан шуылын естіді ме, жанымызға қалай келіп қалғанын қайдам әкемнің:

– Тұрғын, болды, жетер, үлкен адаммен осылай ойнай ма екен. Оқасы жоқ, тіршілікте мұндай-мұндай түсініспестік оқиғалар

болып тұрады. Не болса соған жүйкені таусылта бергеннен келер пайда жоқ, – деген дауысын естуім мұң екен, орнынан қалайша қарғып тұрып кеткенімді де білмеймін.

Содан әкемнен өзінше қулық-сұмдығын асырып, отарын серігіне бізге әдейі қосқызып, бес-алты қойды өзіне сіңіріп кетпек болған арам ойы жүзеге аспаған Төлеңгіт – үлгі жаман Қоржық, сен және әкем – төртеуміз қашан алтын күн ұясына қан қызыл батып, ымырт үйіріліп, қас қарайғанша қойды бөлүмен болдық. Мен осы жерде әкемнің бұрын-соңды өзім сезіп білмеген керемет сұңғылалығы мен білгірлігіне таң қалдым. Ол керек десеніз отарындағы әрбір саулықтың таңбасын айтпағаның өзінде жасы мен қозы кезінде салған еніне шейін жатқа біледі екен. Бұған дейін азаматтардың бәрі де: – Сәке, мынау көрші отырған иненің көзінен өтетін жылдықта абай болыңыз, аға-көкелеп іші бауырыңызға кіріп, бір күні асыңызды ішіп, киізінізді тіліп жүрмегей. Оның қиянаттарын жер-жерде жыр ғып айтысады, дегендеге әкем асықпай жүздеріне қарап алып:

– Хабардар еткендеріңе рақмет. Бірақ ол бір көруге өте сыпайы мәдениетті жігіт сияқты. Міне, онымен қатар отырғанымызға үш ай болды. Осы уақытқа дейін арамызға кіrbің тұсірерліктей сез жүгіріп, тілге келген жайымыз жоқ. Өз басым көзіммен көрмесем анау-мынау өсек аяңға сенбеймін, – деп қолын бір сілтеген оларға...

Сонау бір жылы атам сырқаттана беруіне байланысты қойды бір жас жігітке өткізіп, ауылға көшіп келген. Колхоз басшылары: “Сәке, әлі бойыңызда күш-қуат барда сіздің үйде сопайып отырғаныңыз жараспас. Одан да сіз қиналғанда қол ұшын беріңіз, бізге өзініздей сенімді адам керек”, – деп қайта-қайта келгіштеп, есіктің табалдырығын тоздырған соң амалсыз олардың уәжіне көнген. Содан несін айтасың, әкем колхоздың орталық макта пунктіне күзетші болып шыға келді. Кәндіз қолы бос болған соң бір игілікке жарап деп қалың тұт ағашының айналасын қоршап тары еккен. Онысы тағы да керемет бітік болып шықты. Сол күні ойдағы-қырдағымыздың басы қосылған сенбі еді. Ертеңіне таң атпай әкем екеуміз “базарға барамыз” деп келісіп қойғанбыз. Апам ерте оятуды өз міндетіне алған. Түннің бір уағында шешемнің:

– Ойбай, байғұс саған не болған? Тұрсаншы. Қазір мынау жас балалардың зәре құтын ұшырасың, – деген аңы даусынан бәріміз де дұр сілкіндік.

— Орнымыздан апыл-ғұпыл тұрып, оған жақындасақ оның көзі бақырайып жатыр. Аузын ары-бері қыбырлатқанмен үн жоқ. Аяқ-қолы да қимылдамайды. Ішіміздегі естиярымыз Зәуре әпкем дереу терезе маңындағы телефонға жармасып кенсеге болған жайды хабарлады. Сол екі арада тіпті көп уақыт жоқ, үйге колхоздың бастығы Анатолий Егорович пен парторг Оспан ағай сау етіп кіріп келді. Жанында қою қара мұртты дәрігер бар. Олар шалдың жағдайымен қысқа танысып болысымен, көтеріп алып, женіл машинаға жатқызды да ауданға асығыс аттанды.

Содан бері де талай жылдар өтті. Әкемнің тілі жөнделгенімен, бір жағы мұлдем жансыз күйінде қалып қойды. Түзге таяққа сүйеніп шыққанымен шаруаға әлі келмейді. Біз осы көз алдымызды қарайып жүргеніне де қатты қуанушы едік-ау. Мен орта мектепті бітірген соң, ауылда жұмысшы болып істедім. Кейін әскери борышымды да өтеп қайттым. Егер шындығын айтсам, менің сырттай оқимын дегеніме ол тіпті қарсы болды. Мандайымнан құшырлана иіскеп отырып:

— Балам, көзімнің тірісінде білім алып қал. Мен шықпаған биікке сен жет. Көп ойланып, сары уайымға салына берме, қаржы жағынан тарықтыра қоймасын,— деді.

Биыл алғашқы өндірістік практикамды өзіміздің ауданға алдым. Ондағы ойым әкемнің жанынан табылып, мысқалдай болса да оған көмегімді тигізу тұғын. Ерекше есімде қалғаны құрдастарына “Әйтеуір, сырқатым сол тары еккен жылы тұт ағаш түбінен басталды” деп отырады.

Тал тұс. Әкем палатада жүзін төбеге беріп үлкен ой үстінде жатыр. Есіктен еппен кірген мені көре салысымен орнынан жайлап тұрып қуанғанынан құшақтай алды. Байқағаным көзіне сорғалап аққан жас еденге тырс-тырс тамып жатты. Ол науқасы ұзакқа созылғандықтан ба, жоқ әлде күннен-күнге нашарлап бара жатқанын ку жүрегі сезе ме, соңғы кездері не болса соған шамданғыш, қамкөңіл болып алды. Оның назарын басқа жаққа аудармақ болып тілге тарттым:

— Халыңыз қалай? Көріспеген үш айдың бедерінде қандай жаңалықтарының бар? Туған- туысқандардан кімдер келіп тұр?

— Ай, құлыным-ай, төрт қабырғаға қамалып жатқан адамнан несін сұрайсың. Еске алғандар, қадірлейтін азаматтардың бірсыпрыасы келіп кетті. Ешкімге, алла тағала бүгін алса да, өкпеназым жоқ. Айтпақшы Ерғалидан хат келіп тұра ма? Әлгі қызыл

сиыр бұзаулап па? Шешен қыбырлап жүр ме?

– Үй-іші дін аман. Балаңыз “көзде барып қаламын” деп жазыпты. Ол сізге көп-көп сәлем айтқан.

Әкемнің жағдайын толық білу үшін емдеуші дәрігердің бөлмесіне барсам, жалғыз өзі отыр екен. Фамилиямды айтқан соң сөзімді мүқият тыңдал болды да:

– Інішек, сенің ойыңды мен жақсы түсіндім. Мен де солай етер едім. Бірак... Иә, қазір ол кісіге дәрі-дәрмек ем болмай жатыр. Ең дұрысы үйге алыш барыш, қараған жөн. Қай жерге барсаң да саған осыны айтады, – деді.

– Үйге келгеннен кейін үш жетідей аунап-қунап, күн құрғатпай құрдастары келіп тұрғаннан соң ба, атам әжептәуір оңалып, жүзіне қан жүтіріп келе жатқан сияқты еді, кенеттен тағы ауырып қалды да, оны колхоздағы участекі ауруханаға орналастырдық. Коңыр күзде біздің солтүстік облыстың біріне ауыл шаруашылық жұмысына баратын мезгіл таяды да мен өкеме келдім. Оның шүнгірейген көзі, суалған жағынан бастап бүкіл денесін аймалап шықтым. Онымен ұзак құшақтасып, жылап тұрып қоштастым. Қазір дөңбекшіп ойладап жатсам, мен бейбак сонда оны соңғы рет көріппін ғой. Тағдырдың басқа салғаны ма, сырқаттан ол көп азаптанды, ақыры қара жер қойнауына алыш тынды.

Поездан түскеннен кейін ауылға баратын автобусқа отырдым. Бірак жүрегім бір түрлі дұрсілден, ойым сан саққа шашырап, сүлесоқ күй кешіп келемін. Осы сөт орталық көшеден біздің бақшаға бастайтын қыл көпір үйдің бұрышында бір уыс болып отырған Фазиз анам, жылай-жылай дауыстары қарлыққан бауырларым, басқа да шалдың көзін көрген ағайын - туғандар елестеді. Шынында да мен сокпақ жолмен кең аулаға жақындағ бергенде әпкем және қарындастым ботадай боздап:

– Тұрғын-ау, қайда жүрсін, асқар тауымыздан бір күнде айырылып қалдық қой. Бізді кімге тапсырып кетті екен, – деп құшақтап, жіберер емес. Орта бөлмеге өтіп, шешеме қарай үмтүлдым. Ол да көз жасына ерік беріп:

– Құлыным-ау, кешіктің ғой. Атаңды кеше жерледік. Эйтеуір, ел, жұрт бар екен, ақ жауыш, арулап қойдық. Дегенмен де артында қалған ұлы сен немесе әскердегі Ерғалидың қаза болған кезінде қолына таяқ ұстап, жоқтап, дауыс шығарып тұрмағандарың жаныма батады-дағы. Амал нешік, өкінгенмен не пайда? Тұс

көргендей болып отырмын, аруанадай аңырап.

Астанадағы үлкен баласы келді деп естіген соң молда келіп, құранын оқыды. Ауылдың ақсақалдары қайғыма ортақтасып, тағдырдың басқа салғанына болаттай берік болуымды өтінді. Тұс қайта моладан қайтып келе жатқанда оның туған інісі Ержан көкем:

— Қарағым, сенің іштей толғаныста екенінді айтпасаң да түсініп түрмyn. Бірақ тірі кісі тіршілігін істейді, бауырым. Өзінді бостан-босқа мүжи бермей, болашағынды және осы шаңырақтың шырағын сөндірмеуді ойла, ол сенің әкең болса, менің жатырлас туған ағам еді ғой. Қайтейін, саған телеграмманы кеш бергенім үшін мен кінәлімін. Өйткені, ағам қиналып жатқанда емтихан тапсырып жүргенінді білген соң, “сені мазалама, тағы бір сәтсіздікке ұшырап қалар” деп айтқан еді-ау, марқұм.

...Шалдың жетісін өткізгеннен кейін амал жоқ ұнжырғам түсіп “қайдасың, Алматы” деп тартып келемін. Артымнан әкесіз жетімсіреген үйдің сұлбасы бұлдырап көрінеді. Шешем байғұс ақ жаулығының ұшымен жанарын сұртіп, маған қолын қайта-қайта бұлғап, манағы орнында өлі тұр.

Кайран ата, дер кезінде жете алмадым. Ең болмаса бір уыс топырағым бұйырмады, бір уыс топырағым. Кеш мені, кеш... қо-ш, қош бол, әке...

ҚИМАСТЫҚ СЕЗІМ

Мен тұнімен ұйықтай алмадым. Атамның “Балам-ау, жол соқты болып шаршап қалған шығарсың, ұйықтасаң нетті”, – деген сөзін естісем де түргі бөлмедегі электр шамын өшіріп жаттым да алдым. Әйтеуір маған мұлдем беймағлұм бір құдірет еріксіз бір жақтарға жетелегендей қиялымды маздата тұсті. Жоқ, мұлдем олай емес. Мана күндізгі Есен атамның мұңлы жүзі, селдір сақалына тамған жас тамшылары, айтқан сөздері тұла бойымды тітіркендіріп, бір сезім жүргегімді дір еткізіп мені жаулап алып еді... жаулап альш...

Астанадан отырған автобустан тура ауылдағы аялдамадан түсе бергенім сол еді, тап менің жолымды күні-тұні тосып отырғандай Есен атамның алдымнан шыға келгені.

— Ассалаумағалайкум, ата.

– Алейкумассалам, балам.

– Қалай, ақсақал, үй-іші, от басы аман-есен бе? Жақып көкемнің жағдайы ше? Інішектер шауып-шапқылап дегендей...

– Бәрі де шүкір, өзің жазда келіп көргендегідей... Тек қана қазір менде көрі қойдың жасында хал бар емес пе... Мына көзі құрғыр соңғы кезде екі қадам жерді көруден қалды ғой, белім де түске дейін шойырылып көтертпейтін болып барады. Ай, балам-ай: “Бәрін айт та бірін айт” демекші, сонау Сансызбаймен екеуің интернатта оқып жүргендегідей жағдай жоқ, – деп ұзак күрсінді ол. Мұнан ары тағы аялдасам шалдың ескі жарасын тырмалап ашамын ба деген үркек ой мені мазалап, онымен тезірек қоштасқанша асықтырды.

Бір кезде төмен түсіп кеткен басымды қас-қағымда көтеріп алғып, ақсақалдың дидарына түстей қарап, оны мұлдем танымай қалдым. Лезде екі жағы суалып, қос жанары шұңғрайіп, бет-жүйе мен аппақ қудай селдір сақалын жас жуып кетіпті. Есіне менімен бірге бір класта оқып, осыдан біраз жыл бұрын байқаусызда автомашина апатына ұшырап, қайтыс болған ұлы түсті-ау.

– Ата, неге осыншама өзгеріп кеттіңіз, көшеде жылағаның не? Бізді көрген сырт көзі не деп ойларын кім білсін, үйіңізге бір барғанда кең-мол отырып әңгімелесерміз, менен үй-ішіңізге көп-көп сәлем айтып барыңыз, – деп қалтамнан төрт бұрышты бет орамалды алғып, атамың жүзіндегі жасты сұрттім де, оны қалаған автобусына отырғызып, іші толы кітап чемоданым мен портфельді қолыма алғып, бір шақырымдай жол болса да үйге қарай жеткенше асығып, қадамымды жиілеттім. Есен атам мана “Сонау Сансызбаймен екеуің интернатта оқып жүргендегідей денсаулығым жоқ”, – деді-ау. Оның айтып отырғаны еш қоспасы жоқ кәдімгі өмір шындығы еді.

Мен ол кезде колхоз орталығынан жаңа ғана ашылған интернаттың алтыншы класында оқитынмын. Әке-шешем осыдан елу шақырымдай жердегі фермада қой бағады. Олар қаңтар, ақпан айларында араға көп уақыт салмай келіп тұрады.

Ал, көктем келіп, қой төлдеді болды, атам мен апамды бір көруге зар боламын. Мұнда бірге жатып, бірге тұрып жүргенім болмаса мен қатарлылардың дені басқа ұлттың балалары. Олармен еш әңгімем жараспайды. Сондықтан өзінен-өзің сол жаққа барып келген соң томаға түйық жүргенің. Осындай сәтте алданыш етер ештене болмаған соң көрпені тас бүркеніп алғып, әке-

шешен мен кішкене бауырларыңды сағынып, көзіңдің жасын ешкімге көрсетпей сыйып-сыйып аласың. Әке-шешем көктем шығысымен ат ізін салуды мұлдем қойды. Оқта-текте ауылға қатынап тұратын өзбек шофері Мұрат ағай: “Әкам, оқыш қалай? Апаңың емшегін сағынған жоқсың ба, әй осы білдіртпейсің-ау қу бала”, – деп қауқалақтап келіп әкемнің маған деп берген бесон сомын қалтама салып кетеді. Бірақ оған сыр бермегенмен іштей кеткім келіп-ақ тұрады, әсте шынын айту керек, оқуды қимайтынмын.

Бір күні асханада Вовка деген баламен шекісіп қалып, бөлмеде жалғыз болғандықтан үйді сағынып аппақ матадан тыстаған көрпені тас бүркеніп алып жылап жатқанымды сезіп қалса керек, біреу бөлмені басына көтере дабырлап кірді де, ай-шайға қарамастан үстімдегі әбден жұмарланған көрпені жұлып алмасы бар ма? Тап біреу үрлігімның үстінен тұскендей қызылықтап, қапелімде аузыма жөнді сөз тұспей орнымнан атып тұрдым. Алдыңда бойы тап кеуде тұсымнан келетін, бірақ тілі мірдің оғынданай бала тұр. Ол мені киініп алсын деп ойлады ма, әлде мынау менің жасыма лайықсыз қылышым үшін үялтқысы келмеді ме, үндеген жоқ. Қайта қолындағы көрпені темір кереуетке орап қойды да, жаныма келіп отырып:

– Таныс болайық, есімің кім? – деді.

Мен оған атым Серік екенін, алтыншы класта оқитыннымды және әке-шешемнің осы колхозда шопан болып жұмыс істейтіндіктерін жасырмай тәптіштеп айтып шықтым.

Ол өзін Сансызбай, фамилиям Есенов деп таныстырды. “Адам сөйлескенше”, демекші екеуміз осылайша дос болып кеттік. Өмір бойы бір-бірімізді ұмытпастай болып серттестік те. Сұраса келе екеуміз бір атадан тараған жақын ағайын да болып шықтық. Ағайын-жақындығымыз бар, тағы да бір жыл туып, бір класта оқитындықтан Сансызбай екеуміз егіз қозыдай жұбымызды жазбай үлкен қуанышқа кенелдік те қалдық.

Бізге интернатта ешкім қарсы келе алмайтын болды. Мектепке бірге барып, бірге қайтамыз. Ол математикаға жүйрік, кез келген есепті пістеше шағатынның нағыз өзі, мен әдебиет пен тарих пәніне жақсымын. Оның әкесі осы Есен атам сонау жылдары ауылымыз аралас, қойымыз құралас жатқан көршілес жеміс-жидек совхозында диқаншылықпен айналысушы еді. Көбіне Сансызбай мені демалыс күндері үйіне ертіп кететін.

Бүгін көрген Есен атам ол кезде мұлдем басқа болатын.

Обалы не, Сансызбай екеуміздің үйіне келе жатқанымызды әудем жерден жанары шалса болды, алдымыздан қауқалақтап шығып:

– Кемпір-ай, оқымысты балаларың келе жатыр, қазаныңды көтер, дастарқаныңа жиған-тергеніңді, сал, – деп екеуміздің бетімізден алма-кезек шүпілдете сүйіп, бейне жас балаша мәз болып, масайрай, төбесі көкке жетіп қалатын. Онысымен коймай, әр жетіде баласы мен менің окуымды мұғалімдерден сұрастырып, егер “жақсы оқиды” деген сөзді естісе болды, қалтасындағы соңғы бақырына дейін қалдырмай бізге тендей бөліп, беріп кете-тұғын. Менің қолыма қалам алып ауыл арасында “тілші бала” атанып, қала беріп өзі қазіргі журналист болуыма тұрткі болған осы жан досым Сансызбай болатын.

Аудандық “Қызыл ту” газетін біз сүйіп оқитынбыз.

Бір күні сабактан келген соң өзіміздің интернаттың аспазшысы ет женді, қазақ-орыс тілін бірдей білетін неміс әйелі Валя жайлы “Аспазшы апай” деп айдарша тағып шағын мақала жаздық та газеттен көргеніміздей соңына “С. Есенов, С. Оспанов, мектеп-интернаттың тәрбиеленушілері” деп қос фамилияны қойып, төрт бұрышты конверттің ішіне мұқият бұктең салдық та, ауданға жөнелттік.

Арада бір жетідей уақыт өткен соң барып газеттің төртінші бетіне шыққан мақаланы көріп, екеуміз бір-бірімізді құттықтап мәз болып қалдық.

Содан екеуміз де ата-аналарымыздың ауылға қоныстануына байланысты бізді тонның ішкі бауындай таныстырып, табыстырған алтын үя интернатпен қимастықпен қоштасып, бұдан былай мектепке өз үйімізден барып жүрдік.

Құтпеген жерден Сансызбай қайылы қазаға ұшырады... Ол тұн ішінде ауылды қақ жарып өтетін асфальт жолмен келе жатып байқаусызда машина қақтығысына ұшырап, ауруханаға жеткізгенше тілге келмей қайтыс болды. Мен үнемі ауылға келгенде Есен атамды көргенде, ол кісінің алдында өзімді кінәлі сезінетінмін.

Атам болса мені көрген сайын Сансызбайды еске алыш, ол тірі болса, мен сияқты жоғарғы оку орнында оқып, жақсы азамат болып шығар ма еді деп ойлайтын болар. “Әкенің қадірін еке болғанда білерсің” демекші қазір мен сан дөңбекшіп, ойла-

нып жатсам, Есен атам да сол асыл ұлының болашағынан көп үміт күтеді екен-ау. Иә, мен Сансызбаймен интернатта табысып, күтпеген жағдайда одан ажырап қалған болатынмын. Досқа деген сағыныш маған енді еріксіз осы әңгімені жазғызы.

ӘПКЕННІҢ ҰЙЫ – КЕҢ ЖАЙЛАУ

Өмірде соны жете ұғынып жүрміз бе?



Мен бір кезекті еңбек демалысымды кіндік қаны тамған туған жерімде өткізген едім. Бірақ көңілім қоңыр көздің жауынды-шашынды күндеріндегідей қатты құлазыды. Тап бір қорғансыз, әркімге бір көзін сатқан жетім сәбидей күй кештім. Неге? Ол былай. Осыдан екі жыл бұрын әрі аға, әрі апа орнындағы тетелес өскен аяулы әпкем күтпеген жерден дүниеден өтті. Бұл оқиға ағайын-туыстарға төбеден жай оғытускендей әсер етті. Отыз жеті мүшел жасында сегіз бірдей балапандарын шырылдатып, мынау жарық дүниемен мәнгілік қоштасады деген ой біздің үш ұйықтасақ түсімізге кірді ме? Бірақ, жазмыштан озмыш бар ма? Тағдыр басқа салды екен, мойынсұнып, оның мәндейымызға жазғанына көнуге, шыдауға тұра келді. Бәрібір қайтыс болған адам қайта тірілмейді. Енді артында қалған үрпағына ғұмыр берсін деп жұбатамыз да өзімізді.

“Әпкең өмірден өтті” деген сұық хабар келгесін де келіншегім екеуміз бүгінгі заманың самурық құсы әуе лайнеріне отырып, тиісті мекенге де жетіп бардық. Ар жағы белгілі емес пе? Жыладық, сықтадық. Шешесі тірі кезінде ханның ұлына сәлем берместей көрінетін ерке назды жиендерімнің бір-ақ күнде еңселері түскен бейшара түрін сезгенде, одан бетер жүрегіміз

“Әпкең өмірден өтті” деген сұық хабар келгесін де келіншегім екеуміз бүгінгі заманың самурық құсы әуе лайнеріне отырып, тиісті мекенге де жетіп бардық. Ар жағы белгілі емес пе? Жыладық, сықтадық. Шешесі тірі кезінде ханның ұлына сәлем берместей көрінетін ерке назды жиендерімнің бір-ақ күнде еңселері түскен бейшара түрін сезгенде, одан бетер жүрегіміз

езіліп, егілдік. Жездеміздің бет-бейнесі адам шошырлықтай еді. Артынан хабарласып, оның жылын өткізетін мерзімді де білдік.

Мынау өмірде мен әке-шешемнен кейінгі бір бұқіл ғұмыр бойы қарыздар санайтын адамым сол жомарт жүректі әпкетайым болатын. Өйткені, өзімнің қатар құрбымнан қалмай, жоғары білім алып, қызмет атқарып жүргенім де сол қимас жанның арқасы. Өзімді қайдам, ол өте мейірімді, өте қамқор еді. Студент кездерімде ылғи маңдайымнан иіскеп, “Әйтеуір біздің шаңырақтан ең болмаса сен оқып шықшы, маған соның өзі зор бақыт, киім мен тамаққа қажетті қаражаттан қысылып қалма. Өзім аман болсам, бала-шағам аш-жалаңаш жүрсе де сені тарықтырып, зарықтырып қоймаспыш” дейтін. Тіпті, бірде кімнен естігенін қайдам, мен Түрксіб курортында тегін жолдамамен демалыш жатқанымда емізулі сәбиін көрші келіншекке табысталап, бөленбай шақырым жердегі Алматыға да келіп кеткен.

Бұл астанамыздың тұсті кілемдей құлпырып, ажарын аша түскен ғажап шағы еді-ау. Оның бір қолында чемоданы бар. Екіншісіндегі торлы сөмкеге қаладағы дүкендерден түрлі шұжықтар толтырып алыпты. Оның ойынша мұндағы інісі “оку-оку” деп тамақты ұмытып кетсе керек. Қоярда қоймай қолымнан жетелеп, Орталық парктің ортасындағы бір тыныштау орынға отырғызып, сәкіге қағаз түседі. Соңан соң алдымен чемоданды ашып, одан помидор, кияр және өзі үйде дайындаған дәмді тағамдар, әлгі шұжықтан қойды. Мен болсам өткен-кеткендерден үялыш, жерге кіріп барамын. Айналайын, ауыл адамының кендігі мен дарқандығын қойсаншы. Ол: “Аналардың ішінде жолдастарың болса, шақыр, мынау үйдің дәмінен татсын”, – деп тәтті жығмып қояды. Ол мені тойғызып болғасын: “Есінде ме, інім. “Апа, жүретін қызым бар, өзі алыс жақтан” деуші едің фой. Сонықорсетші, ең болмаса, ауызба-ауыз сөйлесіп, сыйластықтың белгісі ретінде раушан гүл ұсынып кетейін”, – деді. Мен оның сөзін қалай тастап, көнілін қалдырайын. Қалындығыма кешкілік жолықтырдым. Олар тез тіл табысып кетті. Әпкеме қазіргі жарым салған жерден ұнады. “Бауырым, талғамың бар екен. Өзі үріп ауызға салғандай. Егер жақсы көрсөн, көп созбай үйленіндер. Оқуынды аяқтауыңа аз қалды емес пе. Қос жүрек ұғысса, алыс немесе жақын деген сөз емес, әйтеуір қаңкуға еріп жүрмендер, алтындарым. Ал сендердің бір тойларынды жаман жезден екеуміз өткізуге жаарымыз”, – деді.

Міне, осындай керек болса артынан ерген тайлағы іспеттес інісінің жолында жанын қиоға даяр тұратын асыл адамнан немді аяймын. Келіні екеуміз әпкеміздің жылына ұзақ дайындалдық. Сөйтіп оны ата-анамыздан жалғасып келе жатқан салт-дәстүр бойынша өткіздік. Онсыз да сегіз ұл мен қызының ауыртпалығы бір басына жетіп артылатын жездеме салмақ салғым келмеді. Бұған ауылдағы ұлken қарт кісілер риза болсып, шын көнілдерімен ақ бatalарын берді.

Ал бұдан кейінгі барғанымда әпкесіз інінің қандай күйкешетінін, оның мен үшін алар орнын анық сезіндім. Мұндай жайды жалғыз өзім емес, келіншегім, өсіп келе жатқан ұлдарым да байқады. Олар тұратын шаңырақ та бұрынғыдай емес, шын мәнінде жетімсіреп қалған сияқты.

Кішкене ғана мысал. Мұның алдында демалысқа барған кездерімізде біздің автобус аялдамасынан түсіп жатқанымызды көрген ол балаларымен бірге арсаландап, қарсы алуға жүгіріп, құшақтаң бет-аузымыздан сүйіп жататын. Содан қашан кеткенімізше біздің құрметімізге, өлде інісі мен келіні барлығына арқалана ма екен, қонақтар шақырып, тұннің бір уағына дейін ән мен күй шырқалыш, электр жарығы сөнбейтін. Үйіндегі бар жылы-жұмсағын өздері мен балаларынан жырып, біздің аузымызға тосып, жас сәбище өлдилейтін. Түрі де біздікі болатын. Кетерімізде де қарсы алғандағыдай көнілі босап, қашан алыстаң кеткенше қол бұлғап тұратын. Соңғы сапарымызда құдай оған алдын-ала қайтыс боларын сездіртті ме екен, тіпті аэропорт басына да шығарып салып, бәрімізді қайта-қайта сүюмен болған еді.

Бұл жолы оның бірі де болмады. Әпкеммен бірге оның шаңырағындағы барлық жылу мен махабbat та қош айтысқан секілді. Мен сонда ғана барып, оның қадірін, тірі кезінде бағалай алмаған көптеген керемет қасиеттерін жаңа ғана ұқтый. Басқа қандай ағайын туыс-бауырлар, оның көзін көрген құрбы-құрдастары болсын, оның басқан ізіне тұрмайтынын шын байқадым. Жезде де апаңың тірі уақытындағыдай болмай ма деп қалдым.

Осы айтылғандар оның жылын бергеннен кейінгі туған жерге ат ізін салғандағы өкініштер. Ал болашақта ол қандай қырынан көрінетіндігін бір құдай білсін. Дегенмен, жыл өткен сайын осынау бір ардақ тұтар бауырым сағынта көз алдыма жиі еле-

степ, оған деген інілік сезімім мен махаббатымды сұтпайтынына сенімдімін.

“Алыс пен жақынды ит пен бала ажыратады”, дейді. Бұның рас екендігіне бұл өмірде өзімнің көзім анық жетті. Үлкен ұлым Нұржан, соңғы барғанымда, әпкем жатқан зиратты көргенде: “Шебер апамды мұнда қалдырмаймын, Қостанайға, үйге алып кетемін” – деп жиналғандардың бәрінің сай-сүйегін сырқыратқаны бар.

Кыз бала өз табиғатында мейірімді өрі қайырымды келеді. Ол ешкімге де дау туғызбаса керек. Ал әпкеннің орны қашан да ала бөтен. Оның саған деген махаббаты, ықыласы анаңнан кем түспейді. Мұны, апасы бар адамдар жақсы түсінеді деп ойлаймын.

Мен бұл жайлы біраз құрбы-құрдастарыммен сырластым. Мәселен, Талма Ахметқызы тұңғызық ойда отырып:

– Шынында да, адам өмірінде әпкенің өз орны бар. Ол – анаңнан кейінгі сырласың өрі мұндасың. Қиналғанда қол ұшын беріп, аузыңа су тамызар жанашырың. Міне, сондықтан оларды қалай марапаттасақ та жарасады. Менің ауылда Алма деген апам бар. Біраз көрмесем ансан, жүрегім сағыныштан сыздайды. Жиендерім де өсіп келеді. Жездем де тамаша кісі, – дейді.

Әпке біздің қазакта қасиетті ұғым. Ендеши, осы “апа” деген аттың қадіріне жете білейік. Егер өткен тарихымызға үңілсек, әпкелерін ағаларымыз пір тұтқан. Айтқандарын сөз бүйдаға салмай орындаған. Бұл да болса жаны нәзік аруларды сыйлағандықтың, көрегендіктің белгісі.

Бірақ өмірде бес саусақтың бірдей емесі секілді, кейбір тәрбиесіз інілеріміздің әпкелеріне түрден орын ұсынып, есіктеңі басын жоғары көтерудің орнына көпшілік ортада әйел сияқты салғыласып, жүрекке дақ, көнілге қаяу түсірер артық сөздер айтып, дөрекілікке жол беріп жататынын талай көрдік. Алайда, әпке жүрегі қашанда кешірімді, ешкімге кек сақтамайды. Өкінішке орай, оны әлгілер түсіне бермейтіндігі жанға батады. Өздерінікі дұрыс болмаса да бастарынан сөз асырғысы келмейді.

Міне, осы дұрыс па, әлде бұрыс па? Әпке сыйлап, олардың аузынан шыққан әрбір сөзін алтынға балап, арқа тұтып өскен бауырлар, бұған сіздер не дейсіздер?

Л.Толстой атындағы Қостанай
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасы

ҚАЙСАР ҚАЗАҚ

**Мұгедек Темірғали Құлжанов
төрт баласын анасыз асырап отыр**



Даланы ақ көбік қар жапқан. Ол басқан сайын сықыр-сықыр етеді. Қысқы аязда құлағының шымшылай түседі. Осының алдында ғана облыстық қазақ газетін басқарып отырған әріптес ағам Жайберген Болатовтан алған мекен-жай бойынша замандасым Темірғали Құлжановты бір көруге асығып келемін. Міне, Қайырбеков көшесі, 310-шы нөмірлі ғимаратқа да келіп жеттім. Сырты кірпішпен

қапталған кеңселік үйдің ауласына еніп, кімді іздеп жүргенімді айтқанымда, ондағылар екі сөзге келмestен, олардың бірінші қабатта тұратындығын білдірді.

Оң жақтағы бір есікті тақылдатып едім, кішкентай сүйкімді бала оны ашты. Қарсы алдында отырған жылы жүзді азамат ұлтымызға тән қонақжайлышқ танытып: «Төрлетіңіз, өзіңіздің үйіңіздегідей еркін жайласып отырыңыз», - деп бәйек болып жатыр. Әлгі шынашқтай қыз дастарқанға кеселерді әкеліп қойды. Бір ұлын дүкенге азық-түлікке жұмсады. Әйтеуір шай лезде дайын болды. Бір-екі кесе шай ішіп отырып, үй-ішімен танысып та алдым. Алдындағы балаларына нұсқау беріп отырған басылымдар арқылы бізге таныс Темірғали Құлжановтың өзі болып шықты. Шындығы керек, ол дәл осы қалпында едәуір жас, жігерлі де қайсар көрінеді. Қаншама тұрмыстың тауқыметтін көрсе де, бала – шағасын шашау шығармай отырған азаматқа қалайша тәнті болмайсың. Әйтеуір оның рухы түспегені қуантты. Ал, маған кірерде есікті ашқан Темірғалидің сүт кенжесі, шаңырақтың еркесі Аян екен.

«Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» демей ме. Оның әңгімесінен кейіпкерімнің өзім кезінде журналистік қызметпен талай жолым түсіп, дәм-тұзын татқан Қарасу ауданы «Тімтуір»

кеншарының түлегі екенін білдім. Ол жақтың тыныс-тіршілігі мен адамдары маған бұрыннан жақсы таныс болған соң сөйлесу тіпті қынға соққан жоқ. Өзі сол маңайдағы Қозыбай ауылында туып өскен. Жастайынан қақ-соқпен шаруасы жоқ, еті тірі жігіт кеншардың орталығында да қырық жылға жуық жұрт қатарлы ғұмыр кешті. Малсақтығы мен еңбеккорлығының арқасында қорасындағы жылқының, ірі қараның, өсімтал қойдың басын арттырды. Осыншама малдың жем-шебін тауып беруге қай кезде де жігіттің жігіті ғана шыдайды. Байлық пен дәulet онайлықпен келмейді.

Темірғали кейбіреулердей босқа сенделіп, ішкілікке де қызықкан жоқ. Жастайынан ырыс пен береке тек табан ақы, мандай термен ғана келетінін жан жүргімен сезінді. Сол себептен болар, алдымен қарапайым ғана малшы болса, кейін сырттай техникумда зоотехниктік мамандық алды. Осы таңдаған кәсібімен біраз жыл абыраймен қызмет атқарды. Шаруапшылышта еңбегі жаңып, бірқатар грамота және дипломдармен марапатталды.

Атам қазақ «Мал таштайтын еркек жоқ, оны құрарын айт» дейді. Шынында да, өмірден көріп жүргеніміздей, шанырактың шаттығының артып, шырайының кіруі көп жағдайда жүрегі нәзік, ерке назды қылышты әйелге де өбден байланысты.

Бір ауылда шаруаға ептілігімен аты шықкан тындырымды жігіттің жанұяның сөні әйелге келгенде жолы болмады. Сол күндерді еске алса Темірғалидің жүрегі қарс айрылғандай күй кешеді. Қазір өкініп, бармақ тістегенмен не пайда. Сонда бұл мал мен дүниені кім үшін жинады? Небір боранды және жаңбырлы күндері қолын үрлеп, үсті-басын малмандай су қылыш, ерте тұрып, кеш жатты десенізші. Бірақ, келіншегі қолда бардың қадірін білмеді. Күйеуінің пысықтығымен келген азын-аулақ дүниені көтере алмады. Ішкілікке салынып, азғындық жолына түсті. Өмірлік жары мен өзегін жарып шықкан төрт баласынан қайдағы әзәзіл арақ пен көлденең көк атты еркектер мен құрбыларын артық көрді. Соларға қосылып ішіп, үй бетін көрмей, қыдырып кететінді шығарды.

Темірғали қанша дегенмен азамат қой. Досы бар, дүшпаны бар дегендей. Жанұясының шанырағының ортаға түскенін қаламады. Оның үстіне әу баста Жұмагүлді шын сүйіп қосылды. Ол алғаш аңы суға үйір болғанда да оны жаманшылышқа қимады. «Әлі жас қой, аяғын шалыс басса түзелер, үйіріне қайта оралар. Ана емес пе,

тоғыз ай құрсағында көтеріп, жарық дүниеге әкелген төрт бала-панынан безіп, құдай ұрыш па» деп ойлады. Бірақ мұның үміті акталмады. Тіпті, өзге мекенге қоныс аударсак, Жұмагұл өлгі қазақ әйеліне жат қылығын біржолата ұмытар деген сеніммен облыстың шалғайда жатқан Науырзым ауданына да көшіп көрді. Бір қиуы қашқан дүниенің қайтып орнына келе қоюы екіталай нәрсе еken. Одан да ештеңе шықпады. Қайта келіншегі соттың шешімі бойынша аналық құқынан айырылып тынды.

Осылайша әйелдің аракқа салынуынан кешегі айрандай ұйыған отбасының шырқы бұзылып, ешқандай жазығы жоқ үш үлмен қыз тірі жетім атанып шыға келді. Мынау тіршіліктे ерлізайшты ажырасқанда әдетте әйелдер жағы балаларын өздеріне қалдырғысы келіп, шыр-пырлары шығып жатушы еді. Жұмагұлге перзенттен гөрі атың өшкір ішімдік жақын болды. Бұған жылайсың ба, жоқ, құлесің бе?

Темірғали балаларына анасыз қын еkenін жақсы түсінеді. Сондықтан кезінде қаншама ойланып-толғанды да. Жұмагұлді соңғы рет осыдан екі жыл бұрын Қостанайдағы базарда көріпті. Балаларын оған ешқашан да қарсы қойып көрген емес. Өйткені, ол мың жерден жаман болып, көші кезіп жүрсе де, ұлдары мен қызы үшін туған аналары ғой.

«Қалған көніл шыққан жанмен бірдей» демекші, балалар да шешесін көргісі келмейді. Оның аты аталса ашуланып, кірпідей жиырылып шыға келеді. Темірғали олардың жүйкелеріне салмақ түсірмес үшін аналары туралы ләм деп ауыз ашпайтын болды.

Қайсар мінезді Темірғали бауырмыздың айтуы бойынша, өу баста ойында қылаудай арамдығы жоқ бұл Жұмагұлді шын ұнатқанымен, ол бұған тұрмыска баяғы бақай есеппен шыққан секілді. Себебі ол уақытта өзі сол «Тімтуірдегі» бакуат жігіттің бірі болды. Келіншегін ғулдей аялап, шаруашылықтың жұмысына шығарған жоқ. Жары әкесіз жетім өскендіктен оны қатты айтты.

Жұмагұлдің өзіне тағы бір өте ұнамаған жері – шектен тыс салақтығы еken. Үйдегі ыдыс-аяқ дер кезінде жуылмағандықтан тау болып үйіліп жататын. Жағымсыз иіс шыққан жерге шыбын-шіркей үйір келеді емес пе.

Бұл келіншегімен бес жыл тұрған соң саусақтарына қан жүрмейтін ауруға душар болып, екінші топтағы мүгедекке айналды. Нәк осы кезде ол балаларының әкесі әрі өмірлік жолдасы Темірғалиға қамқорлық көрсетудің орнына аракқа салынады. Меди-

цинаға сүйенсек, әйел заты ішкілікке бір өуестенсе оны тоқтату қын. Жұмагұл оның «қызығына» тұскен соң үйінен су шыққандай апталап, кейін айлап кетіп қалуды әдетке айналдырыпты. Басқа жақтан іссапарға келгендермен достасады. Қысқасы, ол қатарға қосылудың орнына жаман қылықтарын ұдете тұскен. Бұл балаларын анасыз тірідей жетім етпеуге талпынғанмен, келіншегінің бойынан оларға деген кішкене де болса селт еткізер шешелік сезімді көрмеді. Содан оның тас мейірлігіне әбден көзі жеткен соң үміттерін мәнгілік ұзді.

Әйелден жолы болмаған Темірғалиға, әсіресе соңғы жыл өте ауыр соқты. Оған тіршілікте күш-қайрат беріп, жігерін жаныған құдырет - төрт баласының өзіне деген шексіз перзенттік махаббаты мен оларды қатарға қосуға құлшыныс еді. Гангрена сырқаты басталып, жанына батқан соң аяғының бес саусағынан айырылды. Өткен жылды наурызда облыстық ауруханаға тағы да жатып, сол аяғын кестірді.

Ол Қостанайға көшіп келгенде біраз қындықтарға кездесті. Бастапқыда туысқанының үйінде тұрды. Содан кейін пәтер жалдады. Бір-екі жыл қашан сырқаты жанына батқанға дейін бір фирмада күзетшілік жұмыс істеп, бала-шағасының нәпақасын айырды. Мүгедектігі үшін алатын тоғыз мыңнан сәл ғана асатын ақша қай жыртығын жамасын. Шамалы қаражатты орналасқан жатақханаға төлейтін коммуналдық төлемақыға, балаларының киім-кешегі мен тамағына жеткізе алмай, шақшадай басы шарадай болған ауыр күндер де өтті. Әйтеуір тірі кісі тіршілігін жасайтыны белгілі ғой. Амалдан күндерін көрді. Өзі болса ауруына байланысты жұмыс істеуге шамасы келмей қалған болатын.

Сол бір бұл үшін ауыр соқкан жылдары Темірғалиға: «Өзінің жағдайың болса мынау. Одан да ұлдарың мен қызынды жетім балалар тәрбиелейтін интернатқа берсөң қайтеді» деп мұсіркегендердің сөзіне мән бермеді. Қайта көзімнің тірі кезінде құлыштарымды ешқайда жібермеймін. Өзімнің жанымда болады. Қалай да ештенеден тарықтырмай, оларды қатарға қосамын деп үлкен мақсат қойды.

Қолдың қысқалығы не істеппейді. Қаражат тапшылығын қатты сезініп жүргенде, ақшаны балаларының аузынан жырып емделіп жатуды артық санап, он аяқтағы бір бармағы мен он қолындағы бір шіріген саусағын өз қолымен түнде ботақандары ұйықтаған сәтте кескенін сірә ұмытыла алмас. Оған кәдімгі қылпып тұрган

скальпельді қолданды. Орнын тазалап жуып, білген амалын жасап бақты. Оның бірін де онсыз да анасыз көнілдері жарым балапандарына сездірмеуге тырысты. Бір жақсысы, қазір өзінің жанын жай тапқызбаған бұындарының ісініп, шіруі тоқтаған сынайлы.

Темірғалидің медет ететіні – төрт баласы да өзіне қолғанат болып қалды. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен мінез-қылыштары бар. Үлкені Ерлан негізгі көмекші, естияр бала сабакты да жақсы оқиды. Әкелері ауруханада төсек тартып жатып қалғанда үш бауырына қарап, аш – жалаңаш етпеді. Одан кейінгісі Ержан өте ұқыпты, әрбір теңгені орнымен жұмсайды. Еркежан болса үйге шаң жуытпайды. Еденді де, ыдыс-аяқты да жуады. Ең кенжесі Аян да әкесінің бір сөзін екі айтқызбайды. Әр баланың отбасында өздеріне бекітілген міндеттері бар.

Тамақты Темірғалидің өзі істейді. Ауылдың баласы емес пе, кез-келген шаруаға бейім, ал кірлеген киімдерді үш ұл жуады. Бұл оларға оны қалай сабындал, сығу мен жаю керектігін айттып тұрады.

Осы жайларды әңгімелеп отырғанда мен одан «Темеке, байқаймын үйінде әйелдің жоқтығы қатты сезіледі. Енді үйлену ойында бар ма?»- деп сыр тартқанымда, ол: «Бір үйленіп, аузым күйді. Ол маған өмірлік сабак болды. Енді, шынымды айтсам, келіншек алуға қорқамын. Біреумен тағы да тағдырымды қоссам, балаларыма ана бола ма?» - деді күрсініспен.

Нағыз дос пен жанашыр осындағы ауыртпалықты сәттерде сыналады ғой. Темірғали сонау дәулетті, тепсе темір үзетін қайратты кездерде өзін айналышқтап шықпайтын достардың бұл күндері бірі де жок. Олар бұл ауруханада төсекке таңылып, балалардың ертеңгі тағдырын ойлап жатқанда немесе кеше жатақхананың қуықтай тар бөлмесінде тұрып жатқанда еш болмаса жай көнілін сұрап, жылы сөзін айтуға жарамады.

Бұған керісінше кіслік пен қамқорлықты, адамшылық қасиеттерді бұрын білмеген бейтаныс кіслерден көрді. Солардың бауырлық ізгі ниеттері өзін қанаттандырып, өмір сүруге деген інкәрліктерін арттырды. Оның ішінде елімізге белгілі журналистер де бар. Әріптестеріміздің жазылған ойлы мақалаларының арқасында мейірбан жүректі қандастарымыз көмектесіп тұрады екен. Осы жақындаған өзінің кеңсесінен жайлы да жылы екі бөлме беріп, бауырлық құшағын ашқан «Сейту» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Сейтен Омаровтың жөні тіпті бөлек. Адамгершілігі мол азаматтың Темірғали мен оның шиеттей төрт баласына

шапағатын тигізіп жатқанына біраз уақыт болып қалды. Ақшалай-заттай көмектесіп отырған ол бұл Петропавл қаласына бір аяғына протез салдыруға баарда астына өзінің жеңіл көлігін мінгізіпті. Мұны нағыз қайырымдылық демегенде басқаша қалай атарсың.

Мен Темірғали Құлжановтың жаңа қонысына барып, онымен әңгімелесіп отырған кезімде Қостанайдағы бір колледж директорының бұларға үн беріп жібергенін өз көзіммен көрдім.

Әңгіме барысында кейіпкеріміз кезінде бір үйде алты бала өскендігін, бірақ олардың өзіне басыбайлы бір баспана алып беруге жағдайлары келмейтіндігін де сездіріп өтті.

Сонымен Қостанайдағы қайсар қазақ Темірғали осылайша төрт баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай анасыз өсіріп жатыр. Оның бар тілегі – тиісті орындар үйдегі өзімен қосқанда бес жанға шағын да болса, перзенттері өскенше ешкімге жалтақтамай күн көретіндегі баспана бөлсе екен. Ондай азаматтар мынау тіршіліктер бар екендігіне сенеді де.

Ол барша қазақ қыздары мен келіншектерін әрқашанда өз жанұяларының шамшырағы болуға шақырады. Жүрегі нәзік қаракөз бауырларын сүйіп қосылған жарлары мен үл қыздарының қадірқасиетін білсе, адам баласына ешқандай пайдасы жоқ арақ-шараптан бойларын аулақ ұстаса екен деген ең ізгі тілегін білдіреді.

ТАҒДЫРЛАС ҚОС АҚҚУ

Ерлі-зайыпты мүгедектер Дүйсенғали және Аруна Оспановтар «Үміт» қоғамдық бірлестігін құрып, өзге мүгедектерге қамқоршы болып отыр



Мен бұл бауырларымды көптен бері білемін. Қазір бізге қуаныш та, қайғы да ортақ. Аптасына өздерімен бір хабарласпасам жаныма бірдене жетпейтін секілді. Қос аққудай жарасқан Аруна мен Дүйсенғалидың облыс орталығына қоныс аударғанына біраз жылдың жүзі болып қалды. Жас жүбайлардың өзге